



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ _____

город Астана

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің ведомстволық
бағынысты ұйымдарының
кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 36-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 91-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы «28» сәуірдегі №КГИП-02-КГ/3970 хатына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағындағы акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысын төлеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Ереже мынадай акционерлік қоғамдарға қолданылады деп белгіленсін:

- 1) «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамы;
 - 2) «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы;
 - 3) «Qazcontent» акционерлік қоғамы;
 - 4) «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы;
 - 5) «Қазақ әуендері» акционерлік қоғамы;
 - 6) «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» акционерлік қоғамы;
 - 7) «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
 - 8) «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
3. «Ведомстволық бағынысты ұйымдардың кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрінің 2025 жылғы
«_____» _____ № _____
бұйрығына қосымша

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің
қарамағындағы акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңестерінің
тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары
өтемақысын төлеу
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қаласы, 2025 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағындағы акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысын төлеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне, Қазақстан Республикасының заңнамаларына және акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі – Қоғам) жарғыларына сәйкес әзірленді және Қоғамдарда құрылған Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына (бұдан әрі – Директор) сыйақылар және шығыстарына өтемақы төлеу шарттарын, тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Директорлар сыйлықсы және шығыстарының өтемақысы Қоғамның коммерциялық табысы және тиісті жылға бекітілген даму жоспарында көзделген қаражат есебінен жүргізіледі, сонымен қатар олардан Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес салық салынады.

2. Сыйақы төлеу

3. Директорға сыйақы төлеу үшін негіз Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі (Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде сайлау туралы бұйрық), сондай-ақ осы Ереженің қосымшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен тәуелсіз Директор арасында жасалған шарт (бұдан әрі – Шарт) талаптарының сақталуы болып табылады.

4. Сыйақының негізгі құрамдастары:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) көлемінде төлететін сыйақы;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарына әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 10 АЕК көлемінде төленетін сыйақы;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына жазбаша пікірді алдын ала ұсыну арқылы әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 10 АЕК көлемінде төленетін сыйақы;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе кез келген комитеттерінің (комитет болған жағдайда) төрағасы функцияларын жүзеге асырғаны үшін қосымша сыйақы, әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке

төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 10 АЕК көлемінде төленетін сыйақы.

5. Директор мынадай шарттарды орындаған кезде сыйақы төлеу жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғам жарғысында, Қоғамның өзге ішкі құжаттарында және Шартта көзделген Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін адал орындау;

2) шешімдерді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам жарғысының және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының шешімдерін, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімін сақтау;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу, белгіленген тәртіпте күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін толық және уақтылы білдіру.

6. Сыйақы Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгеннен кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей Директорға төленеді.

7. Осы Ереженің 4-тармағының 5) тармақшасында белгіленген қосымша сыйақы Директорға оның Қоғамның директорлар кеңесі комитеті (комитеттері) төрағасының қызметін жүзеге асыру кезеңі үшін, атап айтқанда - осындай лауазымға сайланған күннен бастап келесі оқиғалардың бірі:

1) Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы ретіндегі өкілеттіктерін тоқтатуы;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін тоқтатуы басталған күнге дейін төленеді.

8. Директор күндізгі отырыста (оның ішінде бейнеконференция режимінде) болмаған және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір ұсынбаған не директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу кезінде бюллетень ұсынбаған жағдайда сыйақы төленбейді.

9. Мемлекеттік заңды тұлғалардың (мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер) қызметкерлері болып табылатын Директорларға осы Ережемен көзделген сыйақылар және шығыстарына өтемақы төленбейді.

3. Өтемақы төлеу

10. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне шығыстар бойынша өтемақы төлеу қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына қатысуға байланысты шығыстар, оның ішінде тұратын жеріне жол жүру, не айрықша себеппен болу шығыстары, тұрғын үй жалдау бойынша шығыстар және тәуліктік шығыстар өтеледі.

12. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін жерден тыс жерде тұратын Директорлар Кеңесінің мүшелеріне іссапар шығыстары «Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес өтеледі.

13. Лауазымдық міндеттеріне сәйкес өз өкілеттіктерін жүзеге асыратын қоғамның жұмыскерлері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстанның басқа қаласында Қоғамның Директорлар кеңесінің көшпелі отырысы өткізілген жағдайда жол жүру және тұру ақысын төлеуге байланысты шығыстарды қоспағанда, осы Ережеде көзделген сыйақылар мен өтемақылар төленбейді.

14. Директорға өз міндеттерін орындау кезеңінде күндізгі отырыстарға қатысуымен, сондай-ақ, олардың Директорлар ретіндегі өз міндеттерін орындауымен байланысты шығыстардың орны толтырылады.

4. Қорытынды ережелер

15. Сыйақы, сондай-ақ өтемақы Директорға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында Директор ұсынған есеп айырысу шотына ақша аудару жолымен төленеді. Директор банк карточкасын алуға, есеп айырысу шотын ашуға және олардың қызмет көрсетуіне (банк комиссиясы) байланысты барлық шығындарды өзі көтереді.

16. Директорға осы Ережеде көзделмеген төлемдер жүргізуге жол берілмейді.

17. Осы Ереже Қоғамның Директорларына және басқа да лауазымды адамдарына, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне сыйақы және өтемақы сомасын Директордың есеп айырысу шотына (карточкалық шотқа) аудару үшін жауапкершілік ретінде қолданылады.

18. Осы Ережемен белгіленген сыйақының мөлшерлері Қоғамның қаржылық-экономикалық көрсеткіштерінің төмендеген, Директордың қызметін бағалау нәтижесі бойынша қойылған мақсаттар мен тиімділік көрсеткіштеріне жетпеген кезде жалғыз акционердың шешіміне сәйкес азайтылуы және/немесе мүлдем берілмеуі мүмкін.

19. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша енгізіледі.

20. Директорға сыйақы төлеуге және шығыстарды төлеуге байланысты жанжалдар Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес реттеледі.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағындағы акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысын төлеу ережесіне қосымша

ШАРТ

Астана қаласы

20__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын _____ акционерлік қоғамының Жалғыз акционерінің / Директорлар кеңесінің 20__ жылғы «__» _____ № ____ шешімі негізінде әрекет ететін Директорлар кеңесінің төрағасы атынан Қоғам (бұдан әрі – Қоғам), бір тараптан және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор болып сайлаған _____ (бұдан әрі – Директор) екінші тараптан Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 20__ жылғы № ____ бұйрығы) негізінде төмендегі туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Директор Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында айқындалған Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директордың міндеттерін орындауға міндеттеледі, ал Қоғам Директорға шартта белгіленген тәртіппен тәуелсіз директордың міндеттерін орындауға байланысты сыйақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге және шығыстарды өтеуге міндеттеледі.

1.2. Қоғам Шартқа қол қойылғанға дейін Директорға Қоғамның қолданыстағы жарғысының және Шарттың қосымшасына сәйкес Қоғамның тәуелсіз директорлары - Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметінің мәселелерін реттейтін Қоғамның барлық ішкі құжаттарының көшірмесін береді. Қоғам Шарттың қолданылу кезеңінде жылына кемінде бір рет Директорларды Қоғамның тиісті ішкі құжаттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың күші жойылды деп тану және Қоғамның жаңа ішкі құжаттарының қабылданғаны туралы хабардар етеді.

2. Директордың құқықтары

Директордың:

2.1. Қоғамның лауазымды адамдарынан және жұмыскерлерінен Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен өзінің функцияларын орындау үшін Қоғамға қатысты қажетті кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) уақтылы алуға;

2.2. Шартта көзделген тәртіппен өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы, сондай-ақ шығыстар өтемақысын алуға;

2.3. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің (болған жағдайда) күндізгі, сондай-ақ сырттай өткізілетін отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге;

2.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

2.5. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар енгізуге;

2.6. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша қосымша құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

2.7. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының атына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзуға;

2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Шартпен тыйым салынбаған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға **құқығы бар.**

3. Директордың міндеттері

Директор:

3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген талаптарды, Қоғамның адамгершілік қағидаттарын, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген іскерлік этика қағидаларын сақтай отырып, Қоғам мен оның акционерлерінің мүддесінде адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

3.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның жарғысының және өзге де ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, өз міндеттерін орындауға;

3.3. Қоғамның жарғысында және басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге;

3.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қатысу тәртібімен өткізілетін отырыстарына (ол туралы Директор Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде тиісті жерде және уақтылы хабардар етуі қажет) немесе бейнеконференция режимінде қатысуға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және/немесе оның комитеттерінің отырыстарында қаралатын сырттай немесе аралас тәртіппен өткізілетін мәселелер бойынша өзінің жазбаша пікірлерін және сырттай дауыс беруге арналған өзінің бюллетеньдерін Директорлар кеңесіне ұсынуға;

3.5. Қоғамның Корпоративтік хатшысына Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына өзі қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабарлауға;

3.6. Қоғамның Жалғыз акционерінің, Директорлар кеңесінің және оның төрағасының тапсырмаларын орындауға;

3.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның төрағасының тапсырмасы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамдағы ақпарат пен істің жай-күйіне талдау жасауға, осындай талдаудың нәтижелерін қорытынды түрінде ұсынуға;

3.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің және/немесе оның комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: отырыстарға байланысты материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинау мен талдауды жүзеге асыруға, өз қорытындыларын, ұсынымдарын дайындауға;

3.9. Директордың өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін, оның ішінде оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан, Шарттың қолданылуы тоқтатылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдау-беру актісі бойынша Қоғам айқындаған тұлғаға Қоғамның барлық құжаттарын, мүлкін, қызметтік үй-жайды, егер ондайлар оған ұсынылған болса беруге;

3.10. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының талап етуі бойынша жеке құпия ақпараттан басқа, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде және Директордың қарамағындағы кез келген ақпаратты ұсынуға;

3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шегінде Қоғамды тиімді басқару үшін, оның ішінде:

1) Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің және ішкі бақылаудың басқа элементтерінің мониторингін жүзеге асыру, сондай-ақ оғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерінің тиімділігін сақтау мен талдауды қамтамасыз ету және жетілдіру бойынша;

2) Қоғамның белгіленген тәртіппен бекітілген Қоғам тиімділігінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуін мониторингілеу мен бағалауды тұрақты негізде жүзеге асыру, Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның нарықтық жағдайы мен қаржылық жай-күйін ескере отырып, Қаржы-шаруашылық қызметіндегі басым бағыттар мен көрсеткіштерді сақтау жөнінде шаралар қабылдау бойынша жауапкершілікте болуға

3.12. Қоғамның мүлкі мен мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдаланбауға;

3.13. Мүдделер қақтығысына қатысты мынадай қағидалар мен талаптарды сақтауға:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғаммен байланысты мәмілелердегі, шарттардағы, жобалардағы кез келген жеке коммерциялық немесе өзге мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз Директордың функцияларын

жүзеге асыруға кедергі келтіретін аффилирленудің пайда болуы және басқа да жағдайлар туралы дереу хабарлауға;

2) Қоғамның Директорлар кеңесіне осындай мүдделілік фактісін және оның туындау негізін аша отырып, өзінің жеке мүдделілігі бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдауда дауыс беруден қалыс қалуға;

3) жеке немесе заңды тұлғалардан Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Директор қабылдаған немесе жасаған шешімдер немесе іс-әрекеттер үшін сыйақы ретінде білдіретін немесе қаралуы мүмкін сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір артықшылықтар алмауға;

4) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқаруына байланысты Директорға белгілі болған Қоғамның құпия, ішкі ақпаратын және өзге де ақпаратты (жалпы қол жетімді ақпаратты қоспағанда), Қоғамда жұмыс істемейтін, Жалғыз акционердің не Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін тұлғаның уәкілетті өкілдері болып табылмайтын және осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлғаларға жария етпеуге, сондай-ақ оны Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде, сол сияқты Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл ішінде өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген және Қоғамның қауіпсіздік режиміне байланысты қағидалар мен рәсімдерді сақтауға;

3.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

4. Қоғамның құқықтары

Қоғамның:

4.1. Директордан Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында, сондай-ақ Шартта көзделген Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше және адал орындауын талап етуге;

4.2. Директор Шарт бойынша өз міндеттерін орындау кезінде Қоғамға келтірілген залалдарды өтеуді сот тәртібімен талап етуге;

4.3. Директордан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғаммен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың (үлестес тұлғалардың) тізілімін жүргізу үшін қажетті ақпаратты сұратуға;

4.4. Қоғамның Жалғыз акционері Директор өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда кез келген уақытта Шартты мерзімінен бұрын бұзуға;

4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында, сондай-ақ Шартта көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға **құқы бар**.

5. Қоғамның міндеттері

Қоғам:

5.1. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің не Директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда Шартты бұзуға;

5.2. Директорға Шартта көзделген сыйақыны уақытылы және толық көлемде төлеуге, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты Директордың келтірілген шығындарын өтеуге;

5.3. Директорға өз міндеттерін тиісінше орындау үшін қажетті ақпаратты, материалдар мен құжаттарды уақытылы және толық көлемде ұсынуға;

5.4. Шартта белгіленген тәртіппен оны бұзуды қоса алғанда, Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Директорға өзі жұмыс істеген уақытына тепе-тең сыйақы төлеуге және оған өзі Қоғамға растайтын құжаттарды ұсынған Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты келтірілген барлық шығындарды өтеуге;

5.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

6. Сыйақы және өтемақылар

6.1. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес (Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 20__ жылғы «___» _____ № ___ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің ведомстволық бағынысты акционерлік қоғамдарда құрылған Директорлар кеңестерінің тәуелсіз директорларына сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысын төлеу біріңғай шарттары») Директорға Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді ескере отырып) белгіленеді.

Сыйақының негізгі құрамдастары:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 30 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) көлемінде төлететін сыйақы;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарына әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 10 АЕК көлемінде төленетін сыйақы;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарына жазбаша пікірді алдын ала ұсыну арқылы әрбір қатысқаны үшін салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегенге дейін 10 АЕК көлемінде төленетін сыйақы;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе кез келген комитеттерінің (комитет болған жағдайда) төрағасы функцияларын жүзеге асырғаны үшін қосымша сыйақы, ол жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары

бойынша төленеді және жыл ішіндегі Директор сыйақысының жиынтық сомасының 10%-ын құрайды.

6.2. Директорға оның тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілген Директорлар кеңесі отырыстарына баруына байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік шығындар) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Қоғам Басқармасы төрағасының іссапар шығыстарын өтеу шегінде өтеледі;

6.3. Қоғам Директорға сыйақы төлеуді, сондай-ақ оның шығындарын өтеуді Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізеді;

6.4. Қоғам сыйақы мен өтемақыны Шарттың 10-бөлімінде көзделген банк карточкасына немесе Директордың есеп айырысу шотына немесе ол Қоғамға жазбаша түрде көрсеткен Директордың басқа шотына аударады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Директор Қоғамның алдында Директордың кінәлі іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген залал үшін, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

7.2. Директор болып сайланғанға дейін Қоғам жасаған іс-әрекеттері үшін немесе ол өзі қарсы дауыс берген немесе ол дауыс беруге қатыспаған және Қоғамға залал келтірген шешімдер үшін Директор жауап бермейді.

7.3. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде Директорға ол Қоғамға келтірген шығынды немесе залалды өтеуі үшін талар-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

7.4. Директор жауапкершілігінің негіздері мен мөлшерін айқындау кезінде іскерлік айналымның әдеттегі шарттары және маңызы бар өзге де мән-жайлар назарға алынуы тиіс.

7.5. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) нәтижесі болып табылса, жауапты болмайды, бұл туралы Тараптар бір-біріне осындай мән-жайлардың туындауы туралы дереу хабарлама жіберуі тиіс.

8. Шарттың қолданылу мерзімі және оны тоқтату шарттары

8.1. Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Директорлар кеңесінің құрамына Директор сайланған сәттен бастап туындаған қатынастарға қолданылады .

8.2. Шарттың қолданылуын тоқтату күні келесі үш күннің бірінші күнінен басталатын күн болып табылады:

Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес Директордың өкілеттігін тоқтату күні;

Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселе бойынша Жалғыз акционердің шешім қабылдау күні,

Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының өз бастамасы бойынша өз өкілеттіктерін тоқтату туралы Директордың хабарламасын алған күні.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Шарт талаптарын орындауға байланысты Тараптардың барлық хат алмасулар материалдарды алғанын жазбаша растау шартымен жеке немесе курьерлік қызмет, сондай-ақ факс немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі керек.

9.2. Барлық материалдар мен хат алмасулар Тараптардың мына мекенжайларына жіберілуі тиіс:

Қоғам үшін:

Мекенжай:

Электрондық пошта:

Атына:

Директор үшін:

Мекенжай:

Электрондық пошта:

9.3. Директорды Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп қайта сайлаған жағдайда, Қоғам онымен жаңа шарт жасасады.

9.4. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі.

9.5. Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның жарғысымен және өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

9.6. Тараптардың арасында Шарт талаптарын орындауға байланысты дау туындаған жағдайда, мұндай дау келіссөздер жолымен реттеледі. Егер Тараптар арасындағы дау келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, онда ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

9.7. Тараптар тікелей келіссөздер барысында Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

9.8. Егер келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге құқылы.

9.9. Шарт мемлекеттік және орыс тілінде 4 (төрт) данадан жасалды, Тараптардың әрқайсысы үшін 2 (екі) данадан.

10. Тараптардың реквизиттері мен қолдары

| | |
|---|--|
| Қоғам: | Директор: |
| « _____ » АҚ | |
| Қоғамның орналасқан жері: БСН « » АҚ | Тұрғылықты жері: Телефон: Мобильді телефон: |

| | |
|--|---|
| БСК ЖСК KZ Кбе 17 Телефондар: | Банк деректемелері: Банк KZ ЖСН |
| Қолы _____ | Қолы _____ |

Подписано

25.07.2025 18:50 Искаков К.Ж. ((и.о Балаева А.Г.))



Министерство культуры и информации Республики Казахстан - Какафенова Айжан Болатовна



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ _____

город Астана

**О некоторых вопросах
подведомственных организаций
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан**

В соответствии с подпунктом 5) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», пунктом 91 Типового кодекса корпоративного управления в контролируемых государством акционерных обществах, за исключением Фонда национального благосостояния, утвержденным приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 5 октября 2018 года № 21 и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от «28» апреля 2025 года № КГИП-02-КГ/3970, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить Положение о выплате вознаграждений и компенсации расходов независимым директорам Советов директоров акционерных обществ, находящихся в ведении Министерства культуры и информации Республики Казахстан (далее – Положение) согласно приложению к настоящему приказу.

2. Установить, что Положение распространяется на следующие акционерные общества:

- 1) Акционерное общество «Агентство «Хабар»;
- 2) Акционерное общество «Республиканская телерадиокорпорация «Казахстан»;
- 3) Акционерное общество «Qazcontent»;
- 4) Акционерное общество «Казтелерадио»;
- 5) Акционерное общество «Қазақ әуендері»;
- 6) Акционерное общество «Национальная киностудия «Казахфильм» имени Шакена Айманова»;
- 7) Некоммерческое акционерное общество «Государственный театр оперы и балета «Астана Опера»;
- 8) Некоммерческое акционерное общество «Государственный центр поддержки национального кино».

3. Отменить приказ министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 4 июня 2021 года № 197 «О некоторых вопросах подведомственных организации».

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на руководителя аппарата Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания и является решением Единственного акционера указанных акционерных обществ.

**Исполняющий обязанности
министра культуры и информации
Республики Казахстан**

К. Искаков

Подписано

25.07.2025 18:50 Искаков К.Ж. ((и.о Балаева А.Г.))



Министерство культуры и информации Республики Казахстан - Какафенова Айжан Болатовна

Приложение к приказу
Министра культуры и
информации Республики
Казахстан
от _____ 2025 года
№ _____

ПОЛОЖЕНИЕ
о выплате вознаграждений и компенсации расходов независимым
